

# Alternativa Film Labs Impact Lab бағдарламасына қабылдау бастайды



Impact Lab шығармашылық кинозертханасы 26 қыркүйектен 1 қазанға дейін Бішкекте (Қырғызстан) өтеді. Ол жобалары маңызды және өзекті тақырыптарды (адам құқықтары, қоршаған орта, гендерлік теңсіздік, әлеуметтік жанжалдар, адамдардың трагедиялары) көтеретін продюсерлер мен режиссерлерге арналған. Impact Lab авторларға осындай фильмдерді ілгерітуге және көтерілген мәселелердің шешімін табуға жол карталарын құруды үйретеді. Кино өнер ретінде өзгерістерге итермелейтін үлкен күш болуы мүмкін және біздің ортақ мақсатымыз — әлемді жақсы жағына өзгерту үшін оның барлық мүмкіндіктерін қолдану.

Impact Lab серіктесі — Think-Film Impact Production европалық медиакомпания. Ол Alternativa Film Labs-қа 2023 жылы осы кинозертхананы іске қосуға көмектесті. Think-Film Impact Production командасы шығармашылық визуалды медианы іс-әрекетке итермелеу және нәтижеге жету құралы ретінде қолдана отырып, кино мен саясатты біріктіруге тырысады. Осы жылы компанияның негізін қалаушы және бас директор **Даниэль Турков**, операциялық директор **Эми Шепард** және стратегиялық кеңесші **Клифф Уилсон** қайта Impact Lab оқытушылары болады. Олар саясатқа ықпал етіп, нақты адамдарға көмек көрсеткен, фильмдері «Эмми» және «Оскар» алған сарапшылар. Бірақ ең бастысы олар шын мәнінде өзгерістерге алып келетін стратегияларды ойлап табуды және оларды жүзеге асыруды біледі және ол білімдерін Impact Lab қатысушыларымен бөлісуге дайын.



«Өткен жылғы Impact Lab біз үшін — Alternativa Film Labs үйымдастырушылары мен оқытушылары үшін үлкен мектеп болды. Эр жоба және зертхананың әр қатысушысы сюжет, мағына және мақсаттардың жаңа әлемін ашты. Қатысушылардың сенімі мен серіктестеріміздің қолдауы арқасында бұл жобалардың Орталық Азиядан тыс жерде де танымал болғанына қуаныштымыз. Орталық Азия елдерінің жаңа қатысушылары, жаңа хикаялары мен шығармашылық дауыстарымен танысатын уақытты, әрқайсымызға үміт пен күш сыйлайтын фильмдермен жұмысты асыға күтеміз», — деп айтады **Анна Гудкова**, Alternativa Film Labs жетекшісі.

Impact Lab-қа қатысуға **Open call 13 мамырдан 5 тамызға** дейін жалғасады. Өтінімді Орталық Азия елдерінен (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан) қоғамға және қоршаған ортаға оң әсер ете алатын және көтерілген мәселені шешуге күш тарта алатын ойын және деректі фильм жобалары бар продюсерлер мен режиссерлер жібере алады. Бұл бір немесе бірнеше бейне түсіріп, қоғамдастықтармен жұмысқа және жаңа импакт-стратегияларды тануға қызығушылық білдіретін кәсіпқойлар. Біз әзірленудің соңғы сатысындағы жобалар мен дайын фильмдерді қарастырамыз. Жоба Impact Lab өтетін жерге дейін жолды және тұруды қамтиды. Қатысушыларға және жобаларға талаптар жайлы толығырақ [alternativa.film](http://alternativa.film) сайтында бар. Зертханаға қабылдау нәтижелері қыркүйек айының басында жарияланады

**Alternativa Film Project** — inDrive жаһандық технологиялық компаниясы 2023 жылы Орталық Азияда іске қосқан халықаралық коммерциялық емес жоба. Жоба дамып келе жатқан киноиндустриялардың кинематографистерін қолдау және ілгерілету үшін жасалған, оның міндегі — жұмысы әлем туралы түсінігіміздің кеңейтіп, оны жақызы жаққа өзгертуге үлес қоса алатын авторларды халықаралық аренада көрнекі ету, оларға кәсіби есу үшін ресурстар беру және жергілікті киноиндустриялар мен қауымдастықтарды дамытуға құшті серпін беру.

**Alternativa Film Labs** — авторларға өз жобаларын қүштейтуге, аудиториясын кеңейтуге және білім мен ресурстардың жетіспеушілігіне байланысты экрандарда әлі көрсетілмеген маңызды оқиғаларды айтуға көмектесетін, кинорежиссерлер мен әлеуметтік бастамалар дағдылары мен құралдарын үрететін, тегін кинематографиялық білім беру бағдарламалары. 2023 жылы Alternativa Film Labs командасы Алматыда импакт-зертхана (Impact Lab) және Орталық Азиядан келген продюсерлер мен режиссерлерге арналған питчинг бойынша онлайн-курс (Pitching Training), сондай-ақ Бішкектегі жасөспірмдерге арналған киношеберханасын (Teen Lab) өткізді.

Бағдарлама оқытушылары мен тьюторларының арасында Адам құқықтары мен әлеуметтік мәселелер туралы фильмдерге арналған Гаагадағы Movies that Matter Халықаралық кинофестивалінің арт-директоры Маргье де Кениг; Think -Film Impact Production медиа компаниясының негізін қалаушы Даниэль Турков; Канн фестивалінің қысқаметражды фильмдер байқауының іріктеу комиссиясының мүшесі, питчинг бойынша сарапшы Вим Ванакер. Alternativa Film Labs 2023 жеңімпаздары Берлиндегі European Film Market аясында өз жобаларын ұсынуға және дамытуға аттанды: Даниэль Бергер Fiction Toolbox Programme мүшесі болды, Бану Рамазанова — Doc Toolbox Programme мүшесі болды; Диана Жилкенова мен Эльер Немат European Film Market-те аккредитация алды, ал Alternativa Impact Lab жеңімпазы Ассель Аушакимова Берлиналедегі Talent Project Market питчингінде екінші орынды иеленді.

2024 жылы Alternativa Film Labs қайта Орталық Азияда өтіп, үш кинозертханасынан тұратын болады: Development Lab (маусым-қазан,, Бұқара, Алматы және онлайн), Teen Lab (маусым-қыркүйек), Ташкент және онлайн) және Impact Lab (қыркүйек-қазан, Бішкек).